

### Сабақ жоспары

<b>Сыныбы 5, математика</b>		<b>Күні</b>
<b>Сабақтың тақырыбы</b>		<i>Дұрыс және бұрыс жай бөлшектер. Аралас сандар</i>
<b>Мақсаты</b>		Дұрыс және бұрыс жай бөлшектерді, аралас сандарды меңгерту
<b>Күтілетін нәтижелер</b>		Дұрыс және бұрыс жай бөлшектерді, аралас сандарды біледі (барлығы). Дұрыс және бұрыс жай бөлшектерді, аралас сандарды жазып, ажырата алады (көбі). Аралас сандарды бұрыс жай бөлшекке айналдыра алады, өмірмен байланыстырып мысалдар келтіре алады (кейбіреулері)
<b>Керекті жабдықтар</b>		Тақырыптық плакаттар, үлестірме парақтар, оқулық, компьютер, проектор, белсенді тақта, бағалау парақтары
<b>Әдіс-тәсілдер</b>		Жеке, жұппен, топпен жұмыс жасау, сұрақ-жауап, Блум өлшемдері арқылы тапсырмалар, қалыптастырушы тест, сергіту сәті,
<b>Сабақ барысы:</b>		
<b>Сабақ кезеңдері</b>	<b>Мұғалім әрекеті</b>	<b>Оқушы әрекеті</b>
<b>Кіріспе</b> <b>3 мин</b>	Амандасамын Сынып оқушыларын «дұрыс бөлшек», «бұрыс бөлшек», «аралас сандар» деп жазылған парақшаларды таңдату арқылы үш топқа бөліп аламын. Үй тапсырмасын сұрақтар беру арқылы, жауабын экраннан көрсетіп тексертемін.	Амандасады Сынып оқушылары «дұрыс бөлшек», «бұрыс бөлшек», «аралас сандар» деп жазылған парақшаларды таңдату арқылы үш топқа бөлінеді. Үй тапсырмасын сұрақтарға жауап береді және дұрыс жауабын экраннан қарап тексереді.
<b>Тұсаукесер</b> <b>3 мин</b>	« <i>Білу</i> » тапсырмасын орындатамын: әр топқа топшамаларда жазылған мысалдарды топтастыруларын сұраймын. Қай бағытта, қалай топтастырғандарын сұраймын. Топтастырулары бойынша сабақтың тақырыбымен таныстырамын және мақсатына тоқталамын. Оқушылармен бірігіп сабаққа критерий шығарамын.	« <i>Білу</i> » тапсырмасын орындайды: әр топ топшамаларда жазылған мысалдарды топтастырады. Қай бағытта, қалай топтастырғандарын түсіндіреді. Топтастырулары бойынша сабақтың тақырыбымен танысады және мақсатына тоқталады. Оқушылар бірігіп сабаққа критерий шығарады. Критерий: 1. Дұрыс және бұрыс жай бөлшектерді біледі; 2. Аралас сандарды біледі; 3. 1-ге тең бөлшектерді біледі;
<b>Негізгі бөлім</b> <b>7 мин</b>	Тақырыпты « <i>Түсіну</i> » тапсырмасын орындау арқылы меңгертемін, топтарында талқылатамын. « <i>Қолдану</i> » тапсырмасын	Тақырыпты « <i>Түсіну</i> » тапсырмасын орындау арқылы меңгереді, топтарында талқылайды. « <i>Қолдану</i> » тапсырмасын орындайды:

<p><b>10 мин</b></p> <p><b>7 мин</b></p> <p><b>5 мин</b></p>	<p>орындатамын:  I топ №413 1), 2); №414 1);  №415 1), 2), 3), 4); №416 1),  2).  II топ №413 3), 4); №414 2);  №415 5), 6), 7), 8); №416 3),  4).  III топ №413 5), 6); №414 3);  №415 9), 10), 11), 12); №416  5), 6).  «Талдау» тапсырмасына:  I топ №417  II топ №418  III топ №420 орындауға  беремін.  «Жинақтау» тапсырмасында  сұрақтарға жауап аламын  және «сергіту сәті» ретінде  экранда берілген  тапсырмаларды  орындатамын:  1. Дұрыс жай бөлшек  дегеніміз не?  2. Бұрыс жай бөлшек  дегеніміз не?  3. Аралас сандар  дегеніміз не?</p>	<p>I топ №413 1), 2); №414 1); №415  1), 2), 3), 4); №416 1), 2).  II топ №413 3), 4); №414 2); №415  5), 6), 7), 8); №416 3), 4).  III топ №413 5), 6); №414 3); №415  9), 10), 11), 12); №416 5), 6).  «Талдау» тапсырмасына:  I топ №417  II топ №418  III топ №420 орындайды.  «Жинақтау» тапсырмасында  сұрақтарға жауап береді және  «сергіту сәті» ретінде экранда  берілген тапсырманы орындайды:</p>
<p><b>Қорытынды</b></p> <p><b>5 мин</b></p> <p><b>1 мин</b></p> <p><b>4 мин</b></p>	<p>«Бағалау» сабақты жоғары  және төмен дәрежелі  тапсырмалармен берілген  қалыптастырушы тест арқылы  бекітемін.  Үйге: № 416 қалғаны, №419  есепті шығаруға, тақырыпты  оқуға беремін.   Өздерін, бір-бірін, бағалату  арқылы және критериалды  бағалаумен қорытынды  бағалаймын.  Сабаққа рефлексия жазады  немесе ауызша айтқызамын.</p>	<p>«Бағалау» сабақты жоғары және  төмен дәрежелі тапсырмалармен  берілген қалыптастырушы  тест арқылы бекітеді.  1. Дұрыс бөлшекті тап  а) <math>\frac{12}{5}</math> ә) <math>\frac{8}{5}</math> б) <math>\frac{3}{5}</math>  2. Бұрыс бөлшекті тап  а) <math>\frac{3}{7}</math> ә) <math>\frac{7}{2}</math> б) <math>\frac{3}{7}</math>  3. 3: 14 бөліндісін бөлшек түрінде  жаз.  а) <math>\frac{14}{3}</math> ә) <math>\frac{14}{14}</math> б) <math>\frac{3}{14}</math>  4. <math>\frac{81}{23}</math> бөлшегін аралас сан түрінде  жаз.  а) <math>3\frac{12}{23}</math> ә) <math>2\frac{11}{23}</math> б) <math>\frac{13}{23}</math>  5. <math>6\frac{3}{41}</math> аралас санын бұрыс  бөлшек түрінде жаз.  а) <math>\frac{240}{41}</math> ә) <math>\frac{249}{41}</math> б) <math>\frac{246}{41}</math></p>

		<p>Үйге: №416 қалғаны, №419есепті шығаруға, тақырыпты оқуға беремін.  Өздерін, бір-бірін, бағалату арқылы және критериалды бағалаумен қорытынды бағаланады.  Сабакқа рефлексия жазады немесе ауызша айтады.</p>
<b>Сабактыңөзіндікталдауы</b>		
<b>Сабакбойыншаөзгертулер</b>		

$\frac{1}{2}$	$\frac{3}{8}$	$\frac{7}{11}$	$\frac{19}{20}$	$\frac{11}{41}$	$\frac{9}{14}$
$\frac{6}{5}$	$\frac{23}{18}$	$\frac{7}{5}$	$\frac{20}{200}$	$\frac{191}{20}$	$\frac{11}{4}$
$3\frac{1}{4}$	$8\frac{5}{7}$	$7\frac{1}{12}$	$9\frac{7}{9}$	$41\frac{7}{16}$	$81\frac{13}{25}$

$4\frac{6}{7} - 1\frac{11}{13} = 3\frac{17}{15}$	$\frac{9}{4}$	$\frac{7}{2}$			
$\frac{9}{20} - \frac{1}{5} = \frac{13}{20}$					

*Дұрыс және бұрыс жай бөлшектер. Аралас сандар*

<p>«Түсіну» тапсырмалары Неліктен? Неге? Не үшін? Не себептен?</p>	<p>Бос орынға қажеттісін жазындар</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қандай жай бөлшекті дұрыс бөлшек деп атайды?</li> <li>2. Қандай жай бөлшекті бұрыс бөлшек деп атайды?</li> <li>3. Қай уақытта бөлшек 1-ге тең?</li> <li>4. Қандай санды аралас сан дейді?</li> <li>5. Аралас санның бүтін бөлігі мен бөлшек бөлігінің арасында қандай арифметикалық амал бар?</li> </ol>
<p>«Қолдану» тапсырмалары</p>	<p>I топ №413 1), 2); №414 1); №415 1), 2), 3), 4); №416 1), 2). II топ №413 3), 4); №414 2); №415 5), 6), 7), 8); №416 3), 4). III топ №413 5), 6); №414 3); №415 9), 10), 11), 12); №416 5), 6).</p>
<p>«Талдау» тапсырмасы</p>	<p>I топ №417 II топ №418 III топ №420</p>
<p>«Жинақтау» тапсырмасы</p>	<p>Сергіту сәті</p>
<p>«Бағалау» тапсырмасы</p>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дұрыс бөлшекті тап а) <math>\frac{12}{5}</math> ә) <math>\frac{8}{5}</math> б) <math>\frac{3}{5}</math></li> <li>2. Бұрыс бөлшекті тап а) <math>\frac{3}{7}</math> ә) <math>\frac{7}{2}</math> б) <math>\frac{3}{7}</math></li> <li>3. 3: 14 бөліндісін бөлшек түрінде жаз. а) <math>\frac{14}{3}</math> ә) <math>\frac{14}{14}</math> б) <math>\frac{3}{14}</math></li> <li>4. <math>\frac{81}{23}</math> бөлшегін аралас сан түрінде жаз. а) <math>3\frac{12}{23}</math> ә) <math>2\frac{11}{23}</math> б) <math>\frac{13}{23}</math></li> <li>5. <math>6\frac{3}{41}</math> аралас санын бұрыс бөлшек түрінде жаз. а) <math>\frac{240}{41}</math> ә) <math>\frac{249}{41}</math> б) <math>\frac{246}{41}</math></li> </ol>

## Бағалау парағы

<i>Аты-жөні:</i>						
<i>Сабаққа критерий</i>						
<i>№</i>	<i>Балл (баға)</i>		<i>«5»</i>	<i>«4»</i>	<i>«3»</i>	<i>«2»</i>
<i>Тапсырмалар. Білу керек</i>						
1	«Білу»	1. Жай бөлшекті біледі; 2. Бөлшектің бөлігін табуды біледі; 3. Бөлшекті қысқартуды біледі.	3	2	1	0
2	«Түсіну»	1. Дұрыс және бұрыс жай бөлшектерді біледі; 2. Аралас сандарды біледі; 3. Қай уақытта бөлшек 1-ге тең болатынын біледі.	5	4	3	2
3	«Қолдану»	1. Айтылуы бойынша бөлшектерді жаза біледі; 2. Қосындыны аралас сан түрінде жаза алады; 3. Аралас санды бүтін және бөлшек бөлігінің қосындысы түрінде жаза алады.	4	3	2	1
4	«Талдау»	1. Дұрыс бөлшекті таба алады; 2. Бұрыс бөлшекті таба алады. 3. Мәні бірге тең бөлшекті жаза алады.	2	1	0,5	0
5	«Жинақтау»	1. Дұрыс бөлшекті біледі; 2. Бұрыс бөлшекті таба алады; 3. 1-ден кіші бөлшектерді таба алады.	5	4	3	2
6	«Бағалау»	1. Дұрыс, бұрыс, аралас сандарды біледі; 2. Сыни ойлай біледі; 3. Логикалық ойлай біледі.	5	4	3	2
7	Қорытынды:		24	18	12,5	7
Өз бағасы:						